



№45
(13739)
12 қараша
сәрсенбі,
2025 жыл

Құрманғазы аудандық
қоғамдық - саяси газеті

СЕРПЕР

Газет
1930 жылдың
10 қазанынан
шыға бастады



Ser-per.kz



Serpergazeti



Serper_s@inbox.ru



Серпер газеті

СЫРТҚЫ САЯСАТ

САММИТ – САЯСИ ӘРІШТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨТКЕН АПТАДА МҰХИТТЫҢ АР ЖАҒЫНА САПАРЫ БАРЫСЫНДА «C5+1», ЯҒНИ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ» ФОРМАТЫНДАҒЫ САММИТТЕ МАҢЫЗДЫ МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАП, АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫМЕН 17 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРДАН АСАТЫН КОММЕРЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. БҰЛ – ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БИЫЛҒЫ КҮЗДЕГІ АҚШ-ҚА ЕКІНШІ БАРУЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ҚЫРКҮЙЕКТЕ НЬЮ-ЙОРКТЕ БОЛЫП, ҚҰНЫ 5,2 МЛРД ДОЛЛАР БОЛАТЫН 11 КЕЛІСІМ ЖАСАСҚАН БОЛАТЫН. ОҢДА AMAZON KUIPER, EXXONMOBIL, CHEVRON, IFC, LUMMUS TECHNOLOGY, WABTES СЫНДЫ АМЕРИКАЛЫҚ АЛПАУЫТ КОМПАНИЯЛАРМЕН ЕЛІМІЗДЕГІ КӨЛІК, ЭНЕРГЕТИКА, ЛОГИСТИКА, АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУТЕ УАҒДАЛАСТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ.



Дональд Трамп пен өткен екіжақты келіссөздер кезінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ақ үй басшысының президенттік қызметінің тарихи маңызына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемдік саясат пен экономикада жетекші орнын нығайтып келе жатқанын

ризашылықпен айтты. Қазақстан үшін әлемдегі ұлы державалардың бірімен серіктестік тек инвестициялық емес, технологиялық серпіліс пен жаңа өнеркәсіптік мүмкіндіктер екеніне тоқталды. Тараптар авиация, минералдық ресурстар және цифрлық технологиялар саласында ірі

жобаларды жүзеге асыруды сөз етті. Д.Трамп өз кезегінде Қ.Тоқаевтың жетекшілік қабілетін жоғары бағалап, Қазақстанда табиғи байлыққа ғана емес, сарабал саясатқа да бай ел деген көзқарасын білдірді.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ


БҮГІНГІ САНДА

БІТІМГЕРШІЛІК –
БЕЙБІТШІЛІККЕ
БАҒЫТТАЛҒАН
ҚАДАМ



2-бетте

ҰРПАҒЫҢЫЗДЫ
ЕСІРТКІНІҢ
ШЕҢГЕЛІНЕ
ТҮСІРМЕҢІЗ!



6-бетте

МАҚАШТЫҢ
ӘКЕСІ
ШОЛТЫР БИ



12-бетте

АГРОКЕШЕН

БАЛЫҚ АУЛАУ – БЕРЕКЕЛІ КӘСІП



АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ МАҢЫЗДЫ БІР САЛАСЫ – БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. ТІРЛІКТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН АДАМҒА БАЛЫҚ АУЛАУДЫҢ БЕРЕКЕСІ МОЛ КӘСІП ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. АҢДАП ҚАРАСАҢЫЗ, БІР БАЛЫҚТЫҢ ӨЗІНЕН АЛУАН ТҮРЛІ ӨНІМ АЛУҒА БОЛАДЫ. БҰЛ – ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ БАЛЫҚТАН НЕСІБЕ ТАПҚЫСЫ КЕЛЕТІН ЖАННЫҢ ТІРЛІГІН ДАМУҒА ТАПТЫРМАС ЗОР МҰМКИНДІК. «МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕДІ» ДЕГЕНДЕЙ, БАЛЫҚ АУЛАУ ДА БІРАЗ ТЕР ТӨГҮДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. ҚИҒАШ ӨЗЕНІ БОЙЫН МЕКЕНДЕГЕН ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ КҮНКӨРІСІ МЕН ТАБЫС КӨЗІ ОСЫ БАЛЫҚ КӘСІПШІЛІГІ.

Осындай табиғи байлыққа ие бола тұрсақ та арнайы статистикалық зерттеулер бойынша, Қазақстан жан басына шаққанда балықты аз тұтынатын елдердің қатарында тұр. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адам басына шаққанда жылына 16 келіден кем емес балық тұтынуды ұсынса, еліміздегі бұл көрсеткіш бір адамға 4 келіге де жетпейтін көрінеді. Іргелес жатқан Ресейдің өзі жан басына 23 келі балық жейді екен. Әрине, бұл жердегі алшақтық жер мен көктей.

Қазіргі балық шаруашылығы – елдің экспорттық әлеуетін арттыра отырып, экономикамыздың өсуіне өз үлесін қосатын үлкен өндіріске айналды. Мемлекет те өз кезегінде осы саланы барынша қолдауға ден қойды. Қазіргі уақытта түрлі бағыттағы көмектердің арқасында балық аулау, балық өнеркәсібі алдыңғы жылдарға қарағанда кешенді дами түсті. Кәрі Каспийіміз бен Қиғаш сияқты Еділдің төменгі сағалары – мыңғырған мал өсірумен қатар балық шаруашылығын дамытуға да қолайлы аймақ. Оған елімізде ауланатын балықтың едәуір бөлігі осы үлкен атырапқа тиесілі екені дәлел бола алады. Демек, аудан үшін балық шаруашылығын дамыту – күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселенің бірі.

ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ



ГАЗЕТКЕ
2026 жылға жазылу
жүріп жатыр!

АЛТЫ АЙҒА

жеке тұлғаларға – 2176,46 теңге,
заңды тұлғаларға – 3733,60 теңге.

БІР ЖЫЛҒА

жеке тұлғаларға – 4352,92 теңге,
заңды тұлғаларға – 7467,20 теңге.

